



МАҢҒЫСТАУ

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№37 (10544) 5 МАМЫР, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚЫЗЫЛӨЗЕНДЕ бекіре өсіру зауытының ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



ТУПҚАҒАН АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗЫЛӨЗЕН АУЫЛЫН-
ДА БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРДЫ ӨСІРУ ЖӘНЕ
ҚАРА УЫЛДЫРЫҚ ӨНДІРУ КЕШЕНІНІҢ ІРГЕТАСЫ
ҚАЛАНДЫ.

Өсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

АҚТАУ ХАЛҚЫ Бірлік күнін тойлады

Айгүл ОРЫНБАЕВА

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ҮЙ АЛАҢЫНДА АУҚЫМДЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ СӨЙЛЕП, ӨНІР ТҮРҒЫНДАРЫН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Бірлік күні – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың, өзара құрмет пен сыйластықтың жарқын көрінісі. Тәуелсіз Қазақстанның ең басты байлығы – халықтар арасындағы келісім мен бірлік. Бұл – Мемлекет басшысы жүргізіп отырған сындарлы саясаттың нәтижесі. Маңғыстау – түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату өмір сүріп жатқан өңір. Біз үшін бұл – үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік, – деді аймақ басшысы.

Концерттік бағдарлама аясында жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, қазақ, өзбек, түрік, татар, азербайжан, неміс, үнді және өзге де халықтардың әндері мен билері сахналанды. Сонымен қатар



мерекелік концертте арнайы ма-
рапатталды. Жөнімпаздарды об-